

## Тақырыптық сабақ:12 сәуір-Ғарышкерлер күні.

Мақсаты:Балаларды ғарышкерлердің аттарымен және ерліктерімен таныстыру.Ғарыш туралы білімдерін нығайту.Ғарышкерлердің аттарын ұмытпауға,оларды сыйлауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері:

- 1.Бейне таспа қарау.
- 2.Ғарыш туралы әңгімелеу.
- 3.Д/О:Бұл кім?
- 4.Ғарышкерлер туралы айту.
- 5.Тақпақтар.
- 6.Ойын:Өскенде мен.....

Жүрісі:Балалар назарын экранға аударту.Балалар ғарыш әлемімен танысады.

Ең алғаш ғарышқа Лайка деген итті ұшырып,тәжірибе жасаған.Ол аман есен келген соң,ғарышқа адамдар ұша бастады.1962жылы ғарышқа орыс ұлы Юрий Гагарин ұшты.

Ал қазақтарда ең алғаш ғарышқа ұшқан Тоқтар Әубәкіров.Одан кейін Талғат Мұсабаев пен Айдын Айымбетов ұшты.Олар бала кезден армандаған.

Ғарышкер болу үшін білімді,ақылды,мықты,еңбекқор болу керек.

-Кім ғарышкерлер туралы тақпақтар біледі?

1.Тұңғыш қазақ ғарышкер.

Әубәкіров ағаның,  
Даңқы көкке самғаған.  
Тоқтар аға Гагарин,  
Салған жолды жалғаған.  
Тоқтар ағам- жан ағам,  
Бұрыннан да ер еді.  
Менің батыр ағадан  
Аумай қалғым келеді.

2.Арман қуып жасынан,  
Көктен көзін алмаған.  
Ұшқыш болды жас ұлан,  
Аспанда еркін самғаған.  
Бабасындай асауға,  
Салған құрық-бұғалық,  
Ұшақтарды сынауға,  
Артқан еді құмарлық.

3.Жұмбақ әлем,жұмбақ жұлдыз,олар көп.

Ғарышкерлер,біреуіне қонар кеп,  
Қонып тұрып,адам ойы мазасыз,  
Сұрар тағы,бұдан әрі не бар?- деп

4.Ғарыштың кеңістігін бағындырған,  
Үш жүзден артық онда тәулік болған.  
Бір емес үш қайтара сапар шеккен,  
Ер жүрек,батыр едің аға неткен?!  
Ел мерейін өсірген ерлігімен,  
Сапар шегіп ғарышқа Жер серігімен.  
Туған жерге оралған ел батырын,  
Ұмытпаймыз,қосамыз әнге атын.

5.Ғарышкер ұшты халайық  
Бүкіл елдің арманы үшін  
Көк жүзінде самғау үшін  
Марстарға жету үшін  
Өту үшін белдерден  
Әліде көп танысармыз  
Танысармыз ерлермен  
Бітпейтін ол жыр тағы

Ойын:Өскенде мен болам.....

Шарты:Балалар өскенде кім болғысы келетіндерін айтып береді.

Балаларды мадақтау.